

**МКҚК «Қалалық көркемсурет лицейімен» төлем ақы негізінде көрсетілетін
қызмет жөнінде ҚКЛ 1-6 сыныптарына оқуға түсуші балалар үшін
Ш А Р Т**

Ақтөбе қаласы

№ _____

20 жылғы _____

Қосымша білім беру ұйымы «Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын «Қалалық көркемсурет лицейі» (одан әрі Қалалық көркемсурет лицейі (ҚКЛ) Қалалық көркемсурет лицейінің Жарғысы негізінде қызмет ететін, одан әрі «Орындаушы» деп аталатын оның атынан директоры Альтина Анастасия Ивановна бір жақтан және ата-анасының біреуі немесе заңды өкілдері

(анасының, әкесінің, олардың өкілдерінің аты жөні толығымен)
одан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, екінші жақтан, Қалалық көркемсурет лицейінде

(баланың аты – жөні, туған күні толығымен)
оқыту жөнінде ШАРТ жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Қалалық көркемсурет лицейі төлем ақы негізінде оқытуды міндетіне алады:

- бастауыш көркемдік білім беруге (1-4 сынып ҚКЛ)
- орта көркемдік білім беруге (1-6 сынып ҚКЛ)
- кәсіптік көркемдік білім беруге (5-6 сынып ҚКЛ)
- арнайы өңделінген бағдарламалар негізінде эстетикалық тәрбие, сурет, кескіндеме, композиция, мүсін өнері, эстетика, бүкіләлемдік бейнелеу өнерінің тарихы бойынша қысындық (теориялық) және тәжірибелік білімдердің, пленэрдегі тәжірибенің негіздерін оқыту;
- лицейдің жоғары сатысында (5-6 сын.) көркемдеу ісін, компьютерлік графика және әрлендіруді (дизайн) оқытуға.

2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Орындаушы Қазақстан Республикасы Білім беру және Ғылым министрлігімен бекітілген оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесімен 1-4 сыныптарда аптасына 12 сағат, 5 –6 сыныптарда аптасына 13 сағат есебімен сабақтар жүргізуді міндетіне алады. 1 сыныпқа жалпы білім беретін мектептердің 6 сыныбында оқитын балалар, 5 сыныпқа –оқуға түсу емтиханын ойдағыдай тапсырған ҚКЛ-нің 4 сыныбын бітірген түлектер қабылданады.

2.1.1. Орындаушы сабақтар жүргізу үшін қажет оқыту- әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді және абақтар жүргізуге қажетті қолайлы жағдайлар жасайды. Оқыту ақысына оқушыларды көркемдік материалдармен қамтамасыз ету енгізілмейді.

2.1.2. Орындаушы сабақтар өткізілетін кезеңде оқушылардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз етеді.

2.1.3. Орындаушы жұмыс нәтижелері туралы ата-аналар міндетті түрде қатысатын жиналыстарында ата-аналар алдында жылына 2 реттен кем емес есеп береді.

2.1.4. Бағдарламаның тапсырмаларын толық игерген, бітіру емтихандарын ойдағыдай тапсырған жағдайда орындаушы:

- а) төртінші сыныпты бітіргенде көркемсурет лицейінің 2 сатысын бітіргені жөнінде Куәлік береді;
- ә) алтыншы сыныпты бітіргенде көркемсурет лицейін бітіргені жөнінде Куәлік және суретші –көркемдеуші мамандығын береді;

2.1.5. Ауырғанына немесе қатыспағаны (оқу жылына 2 айдан артық) себебінен нашар үлгерімі, қанағаттанарлықсыз тәртібі, бала бағдарламалық материалды толық көлемде игермеген жағдайда оны қайта оқу жылына қалдыруға немесе көркемсурет лицейінен шығарып тастауға немесе мұндай оқушыға “Куәліктің” орнына ҚКЛ-ң оқыту курсының тыңдағаны жөнінде анықтама беруге құқылы.

2.1.6. Оқушы 4 сыныпты қанағаттанарлық бағалармен аяқтап, ҚКЛ-ң 5 сыныбына емтиханды үшке тапсырған жағдайда, ол ҚКЛ-ң 5 сыныбына 1 тоқсан кезеңіне сынау мерзімімен қабылданады.

2.1.7. Баланың нашар тәртібі, лицейдің мүлігін немесе басқа оқушылардың жұмыстарын бүлдіргендігі үшін шығарылып жіберуге дейін жазаланады.

2.1.8. Орындаушы лицейдің көрме және әдістемелік қорларына бір оқушының 2 жұмысын алып қалуға құқығы бар, төртінші және алтыншы сыныптардың қорғауға ұсынылған жұмыстары ҚКЛ-ң “алтын қорында” қалады. Әдістемелік және көрмелік қорларға алынған жұмыстар қайтарылмайды.

2.1.9. Орындаушы егер төлем ақы бойынша 1 айдан артық қарыз болса, егер оқушы бір ай бойы себепсіз сабақтарға қатыспаған жағдайда оны шығаруға құқылы.

2.1.10. Лицейдің қызметкерлері оқушылардың заттарының сақталуына жауапкершілік алмайды

2.2. Тапсырыс беруші ҚКЛ –ң Жарғысының қолда бары жөнінде, лицейдің оқыту және тәрбие қызметінің мазмұны жөнінде ақпарат алуға құқылы.

2.2.1. Баланың үлгерімі мен сабақтарға қатысуын тексеру мақсатымен Тапсырыс беруші лицейдің өкімшілігіне немесе сынып жетекшісіне кез келген уақытта өтініш етуге, сабақтарға кіруге құқылы.

2.2.2. Төрт және одан артық балалы ата –аналар ата –аналар төлем ақысына 20 пайыздық жеңілдікке құқығы бар.

2.2.3. Бір отбасынан 2 және одан артық бала оқыған жағдайда 1 балаға ата –аналар төлем ақысын 100 пайызда, қалғандарына 20 пайыз жеңілдікпен төлейді. Бір отбасынан балалар 1-6 сыныптарда және өзін-өзі толық өтейтін сыныптарда оқитын жағдайда, жеңілдікті 1-6 сыныптарда оқитын бала иеленеді. Жеңілдік қажет құжаттар ұсынылғанда ата-аналардың өтініші бойынша беріледі.

2.2.4. Демеушілер болған жағдайда мүгедек балалар, ата-аналары мүгедек отбасынан балалар және азқамтылған отбасынан балалар сәйкес құжаттары болған жағдайда және ата-аналардың өтініші бойынша төлем ақы бойынша жеңілдікке құқылы.

- 2.2.5. Қамқорлыққа алынған балалар, жетім балалар сәйкес құжаттары болған жағдайда және ата-аналардың өтініші бойынша ақысыз оқуға құқылы
- 2.2.6. Тапсырыс беруші ерекше жағдайларда (ауруына байланысты және т.с.с) өтініш бойынша бала үшін академиялық демалыс алуына құқылы.
- 2.2.7. Тапсырыс беруші ҚКЛ-де оқыту тілін таңдауға құқылы.
- 2.2.8. Тапсырыс беруші баланың ҚКЛ мүлігін бүлдіргені үшін материалдық жауапкершілік алады.
- 2.2.9. Тапсырыс беруші баланың сабақтарға қатысуына қолайлы жағдай жасайды, сабақтарда жұмыс істеу үшін қажет материалдармен толық қамтамасыз етеді және екінші аяқ киіммен, екінші аяқ киім болмаған жағдайда бала сабақтарға жіберілмеуі мүмкін.
- 2.2.10. Тапсырыс беруші баланың сабақта бола алмайтынын уақытында хабарлайды, төлем ақыдан оқушы болмағанда 2 аптадан кем емес және 1 айдан артық емес тек медициналық анықтама негізінде босатылады.
- 2.2.11. Тапсырыс беруші оқушының сабақтарға келмейтіні жөнінде ҚКЛ і өкімшілігіне алдын –ала хабарлауды міндетіне алады.
- 2.2.12. Тапсырыс беруші ата-аналар жиналысына қатысуға, аз уақыт мерзімінде мекен-жайы мен телефоны өзгергені жөнінде хабарлауға міндетті.
- 2.2.13. Тапсырыс беруші өздерінің балаларының оқу жұмыстарын сақтау керек, олар жоғары оқу орындарына оқуға түскенде қажет.

3. ТӨЛЕМ АҚЫ МӨЛШЕРІ МЕН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Тапсырыс беруші белгіленген мөлшерде әр айдың 10-ына дейін ҚКЛ-інің есеп шотына аудару арқылы оқытуға ақы төлеп отыруды міндетіне алады. Төленбеген жағдайда оқушы ағымдағы айдың 21-інен сабаққа жіберілмеуі мүмкін.
- 3.2. Ата – аналар төлем ақысының мөлшерін Мемлекеттік басқару органымен келісіп белгіленеді және оқу жылы бойына коммуналдық қызметтер бағасы көтерілуімен және/немесе еңбек ақысының көтерілуімен байланысты өзгеруі мүмкін. Оқу жылына толық жасалған төлем жыл бойына ол көтерілген жағдайда ата-аналар төлем ақысы бойынша қайта есептеуден босатылмайды.
- 3.3. Төлем ақы толық _____ оқу айларына _____ 15 маусымға дейін есеп шотына түскен ақша есеп кітапшасына түскеніне қарай енгізілуімен жүргізіледі. Есеп кітапшасы мен төлем ақы түбіртегі оқу жылының соңына дейін сақталуы тиіс.
- 3.4. Сабақтарға толық қатыспағанда (баланың ауырғанына байланысты) емдеуші дәрігердің анықтамасына және ҚКЛ директорының бұйрығына сәйкес байта есептеу жүргізіледі (2 аптадан кем емес және 1 айдан артық емес).
- 3.5. Каникул кезеңі мен мейрам күндеріне қайта есептеу жүргізілмейді, себебі оқыту ақысына осы күндерге еңбек ақысы және лицей ғимаратының күтімі бойынша шығындар енгізілген.

4. ШАРТ МЕРЗІМІ

- 4.1. Осы шарт 20 _____ жылғы _____ бастап 20 _____ жылғы 15 маусымға дейін жасалды. Шарттың мерзімі өткенше тараптармен екі жақ өзінің міндеттерін орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда, сондай –ақ ата –аналардың немесе оларды ауыстыратын адамдардың ҚКЛ-ң өкімшілігіне 1 айдан кем емес ескерткен жазбаша өтініші бойынша бұзылуы мүмкін.
- 4.2. Егер тараптар жағынан шартты бұзу жөнінде өтініш болмаса, шарт келесі мерзімдерге созылған деп есептеледі.

5. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 5.1. Шарттың міндеттері орындалмаған немесе толық орындалмаған жағдайда екі жақ Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

6. ТАЛАСТАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 6.1. Осы шартты орындау кезеңінде пайда болған келіспеушіліктер мен таластар өзара тиімді шешімдерге келу мақсатымен екі жақпен қарастырылады.
- 6.2. Өзара тиімді шешімдер, келісімдер жолымен шешілмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының іс жүзіндегі заңдарына сәйкес шешіледі.

7. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН –ЖАЙЛАРЫ ЖӘНЕ БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Орындаушы:
МКҚК «Қалалық көркемсурет лицейі»
СТН 061800066974
АҚ Қазкоммерцбанкі
МФО 190301714
БИК KZKOKZKX
Е/ шоты KZ 039260101119498000
Ақтөбе қаласы,
Әбілқайыр хан даңғылы,81
Тел. 51 49 64, 51 32 03
Интернетегі сайт: www.artliceum.ru
e-mail: ghl_aktobe_art@mail.ru
М.О.
Директор _____ А.И.Альтина

Тапсырыс беруші:
Ата-аналар:

Мекен – жайы _____

тел _____
Қол қоюы _____